

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378
ББК 74.58
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.

ISBN 978–601–337–389–8

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Калтаева Арман Тлеубердиевна

Азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының
аға оқытушысы

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген. Сапалы білімді меңгеруге талпынған қазіргі жастардың жаңа технологияның барлық түрлерін пайдалануға толыққанды мүмкіндігі бар.

Себебі, оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Себебі, қашықтан оқыту дегеніміз – оқу процесі барысында заманауи талаптарға сай компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп, инновациялық және дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану арқылы, күндізгі және сырттай білім алудың негізгі түрі.

Қазіргідей білім мен техника қарыштап дамыған заманда ғылым мен инновациялық технологияның дамуы арқасында заманауи жетістіктерге негізделген қашықтан білім беру жүйесі маңызды рөл атқарып отыр. Қашықтан білім беру жүйесін дамытудың ең негізгі мақсаттарының бірі – университеттердегі оқу бағдарламасы бойынша білім алуға, білім берудің ақпараттық жүйесін құру арқылы жоғары оқу орны студенттерінің білім деңгейінің дәрежесін жоғарылату.

Расында, соңғы кездері қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі бүгінде толық дамып, жан-жақты зерттелініп, оның тиімді тұстары да нәтиже беруде. Мәселен, қашықтықтан білім

беру жүйесі дамыған елдерде мемлекет деңгейінде жүргізіліп, тіпті арнайы қаржыландырылады екен. Бүгінде сол алпауыт елдердің бірқатар жоғарғы оқу орындары қашықтықтан білім беру технологиясымен жұмыс жасауда. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында 1995 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарының 60%-ы қашықтан оқыту технологиясына тәжірибе жасап, оның тиімді екенін алға тартыпты. Американдық ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, қашықтықтан оқыту нәтижелері дәстүрлі білім беру нәтижелерінен кем түспейді, тіпті, одан да жоғары. Қашықтықтан білім алушы оқу материалдарының көпшілігін өз бетінше оқиды. Бұл тақырыптарды есте сақтау мен түсінуді жақсартады. Ал білімді практикада, жұмыста бірден қолдана білу олардың білімдерін бекітеді. Сонымен қатар, оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану оны қызықты ете түседі.

Қазірде бұл елде мыңдаған оқу орындары осы әдіс бойынша жұмыс жасауда. Сол елдерде күндізгі немесе қашықтан білім берудің қайсысының дұрыстығы жөнінде сөз де болмайды екен. Өйткені, қашан да, қалай болғанда да – басты орында – сапалы білім.

Қашықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп, білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең виртуальдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл.

Жалпы, қашықтан оқыту – білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен студенттің жергілікті алашақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, қашықтықтан оқытудың жетістігі-оқытушының өзінің қатысуынсыз студенттер назарын өзінен тыс қалдырмайтын қабілеттілігіне байланысты. Әдетте оқу материалын баяндау және талқылау бір мезгілде жүргізіледі.

Қашықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл – тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ол тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі.

Қашықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті – білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмысты құрайды. Сондықтан тыңдаушылар жұмыстың техникасы мен әдістемесін жоғарғы деңгейде, білімді өз бетімен толықтыру арқылы меңгеруі қажет.

Бұл жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында студент тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді.

Оқытушы студентке арналған өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Яғни, қашықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушылар мен студенттер әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және

шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады. Қашықтан оқыту арқылы студентке өз бетінше қайталанбайтын көп нұсқалы, көп деңгейлі дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиялық формада беру, виртуалды өмірге енгізу және тағы да басқа жаңа мүмкіндіктер ұсынылады.

Сонымен қатар, мұндай бағдарламалар материалды өз бетінше игеру жетілдірілген психологиялық және педагогикалық әдістерді пайдалану, қашықтан оқытуды студенттің жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдауына мүмкіндік береді.

Сессиялар арасындағы кезеңде қашықтан оқыту нысаны білім алушыларға теориялық материалдарды өз бетінше зерделеуді және тьюторлардан қашықтық кеңестерін алуды ұсынады. Студенттің өзіндік жұмысына электрондық оқу-әдістемелік кешенімен және қосымша материалдармен атқарған жұмысы жатады.

Оқытушы-тьютордың жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысына барлық оқу пәндерінің материалдары бойынша интерактивті консультация жатады (чат, форум арқылы). Қазіргі қойылатын талапқа сай жаңа технологиялар – берілетін білім деңгейінің кенейтілуінің және студенттердің білім дәрежесінің артуын талап етіп отыр.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді.

Қашықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт. Жалпы, мұндай оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет және қашықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды тарта отырып, оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыруы керек, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға бейімдеуі қажет. Жалпы алғанда, қашықтан оқыту- адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп, білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Оның маңыздылығы-білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеруге ықпал ете отырып, әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, студенттердің ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындау. Тек, осы істе қапы қалмай, оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі ретінде ұсынылатын бұл қашықтан оқытуды алдағы уақытта да өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ. Еуразия Ұлттық университетінің, заң факультетінің 3-курс студенті Дүйсенғали Нұржанның пікірінше «Өзтарапымынан қашықтықтан оқудың бірнеше жағымды тұстарын көрдім. Біріншіден, ойды жинақтап өзіңнің қабілетіңнің бағасын өзің ғана бере аласың. Екіншіден, ғаламтордан өзің іздену жұмыстарын жасайсың, яғни керек әдебиеттердің электронды нұсқаларын жинақтайсың. Үшіншіден, интернет ресурстарын және уақытты үнемді пайдалануға көп септігін тигізді».

Ия, қашықтықтан білім алудың артықшылықтары мен кемшіліктері де жетерлік.

Артықшылықтарына: кез келген уақытта білім алу мүмкіндігі, өз қалауың бойынша білім алу мүмкіндігі, кез-келген жерде білім алу мүмкіндігі, мобильділік, оқудың жайлылығы, арзандылығын айтуға болады.

Кемшіліктеріне: Жаңа форматқа көшудегі қиындықтар, бейвербалды жағдайда әңгімелесушіні түсінудегі жайсыздық, күшті мотивация қажет. Қашықтан білім алушы студент барлық оқу материалдарын дербес оқиды. Бұл ерік-жігер, жауапкершілік пен ұстамдылықты талап етеді.

Қашықтықтан білім беру коммуникативтік икемділікті дамыту үшін қолайсыз. Қашықтықтан оқыту кезінде студенттердің бір-бірімен және оқытушылармен жеке байланысы аз болады.

Сондықтан оқытудың бұл формасы сыпайылықты, сенімділікті, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға жарамайды.

Практикалық білімнің болмауы, көптеген практикалық сабақтарды қамтитын мамандықтар бойынша оқыту қашықтықта қиынға түседі.

Тіпті, ең заманауи тренажерлар болашақ дәрігерлерге немесе мұғалімдерге тәжірибені алмастыра алмайды. Компьютерлік сауаттылықтың жеткіліксіздігі. Негізінен, оқытушылар құрамының аға буыны қашықтан оқыту технологиясын меңгеруде қиындықтар туындайды. Шалғай өңірлердің қашықтығы, Қазақстанда шалғай аудандарда қашықтықтан оқытуға ерекше қажеттілік туындайды. Алайда, оқығысы келетіндердің көбісінде интернетке қосылған компьютер жоқ.

Қорытындылай келе, қашықтан білім берудің болашағы бар екеніне нақты жауап бере аламыз. Дегенмен, ақпараттық сауатсыздықты, техникалық жабдықтарды жою және қашықтықтан оқыту бағдарламаларын іске асыру кезінде пайда болатын электронды білім беру сапасын жақсарту үшін проблемалар қаншалықты жылдам шешілетініне байланысты.